

## **Білім алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету: Регламент және колледждің үздік тәжірибелері.**

«Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстыру» мемлекеттік қызметі академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету және білім алушының құқықтарын іске асыру үшін көрсетіледі.

Білім алушыларды ауыстыру техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету Қағидалары негізінде жүргізіледі.

Қызмет беруші болып техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы(колледж) табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы білім алушы немесе оның заңды өкілі болып табылады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге не "электрондық үкіметтің" веб-порталына (бұдан әрі – Портал) қажетті құжаттарды ұсына отырып, аударым туралы еркін нысандағы өтінішпен жүгінеді.

Портал арқылы құжаттарды беру кезінде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі өтініш келіп түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырады және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға жібереді. Өтініш портал арқылы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда өтініш келесі жұмыс күні тіркеледі.

Көрсетілетін қызметті алушы тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды қабылдаудан бас тартады және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді. Білім алушыларды ауыстыру бір білім беру ұйымынан екіншісіне, оқытудың бір нысанынан екіншісіне, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытуға жүзеге асырылады.

Білім алушыларды ауыстыру кезінде алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған оқу жұмыс жоспарларының пәндері/модульдері бойынша оқу нәтижелеріндегі академиялық айырмашылық айқындалады.

Пәндер/жұмыс оқу жоспарының модульдері бойынша оқу нәтижелерінің академиялық айырмашылығын жою үшін білім алушы осы пәндер/модульдер бойынша оқудан өтуге жазылады және академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсырады, қорытынды бақылауға рұқсат алады.

Егер академиялық айырмашылық пәндері / модульдері ағымдағы академиялық кезеңнің оқу сабақтарының кестесіне енгізілмеген жағдайда, білім алушы қабылдаушы білім беру ұйымы әкімшілігінің келісімі бойынша осы пәндер/модульдер бойынша жеке тәртіппен оқудан өтеді.

Кәметке толмаған білім алушының ата-анасы немесе заңды өкілдері басқа тұрғылықты жеріне көшкен жағдайда растайтын құжаттарды ұсынған кезде оны демалыс кезеңінде ауыстыруға жол беріледі. Қалған жағдайларда білім алушыларды ауыстыру жазғы және қысқы демалыс кезеңінде жүзеге асырылады.

Бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысқан кезде оқу сабақтарына жіберу және оқу жоспарындағы айырмашылықты тапсыру туралы шешімді білім алушыны қабылдайтын білім беру ұйымының басшысы 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылдайды. Оң шешім қабылданған жағдайда білім алушыны қабылдайтын білім беру ұйымының басшысы оқу сабақтарына жіберу туралы бұйрық шығарады. Рұқсат беру туралы бұйрық

шыққаннан кейін білім беру ұйымы қабылдаушы білім алушының жеке ісін алу үшін бұрын оқыған білім беру ұйымына сұрау жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы бұрын оқыған білім беру ұйымы өзінің жеке ісін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді. Бұрын оқыған білім беру ұйымынан көрсетілетін қызметті алушының жеке ісін алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыны қабылдайтын білім беру ұйымының басшысы жеке ісін алған күні білім беру ұйымының білім алушылар қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.